

Алла кімді бекке лайықтаса, соған ақыл, жүрек, қанат бітіреді. ...Білім, ес береді» /1, 177-178/. Жалпы Жүсіп Баласағұнның ойынша білім мен ғылым адамды қанттандырады, адам мен қоғамның қалыпты кемеліне келуіне жағдай жасайды. Ойшылдың мінез-құлықтық дидактикасы барлық адамзат баласына өзінің көп әсерін тигізді. Оның ілімі тек түркі жұртына емес, бүкіл Шығыс халықтарына үлгі-өнеге. Сөз соңында А.Егеубаевтың тілімен айтсақ «бүгінгі мақсат бір ғана «Құтты білік» дастаны жеткен ықылым дәуірдің бірді екілі шындығына, жарым жарты елесіне дем

салып, рухын бойымызға жақындату» /1, 302/.

\*\*\*

1. А.Егеубаев. Жүсіп Баласағұн. Алматы «Орда» 2005. -311 б.
2. Ежелгі Дәуір әдебиеті. Алматы «Ана тілі», 1991. -280 б.

\*\*\*

Задача данной статьи показать сущность и своеобразие проблемы политики Юсуфа Баласагуни на основе всего его наследия в контексте целостного мировоззрения.

\*\*\*

The article examines problems intellect of the J.Balasauni the examples are given and general word-view is revealed in this context.

## О.Қадыров

### АРАБ-ИЗРАИЛЬ ҚАҚТЫҒЫСЫНЫҢ ПАЛЕСТИНА ҚОҒАМЫ МЕН ХАЛЫҚ ӨМІРІНДЕГІ САЛДАРЛАРЫ

Батыс зерттеушілері араб-израиль қақтығысының салдарынан Палестинадағы араб халқының басына түскен зардаптар Израиль мемлекетінің 1948 ж. мамырдың 14-нен 15-не қараған күні еврей халқының сол кездегі саяси лидері Давид Бенгурионның тәуелсіздік декларациясын оқып, Израиль мемлекетінің құрылғанын жариялауынан кейін басталды деп санайды /1/. Алайда, Израиль мемлекеті өзінің тәуелсіздігін жарияламай тұрған кезде де террорлық әрекеттерімен араб тұрғындарын қыспалап келді.

Палестинада Ұлыбритания мандаты уақытында еврейлік «Иргун Цвай Леуми» және «Хагана» деген екі қарулы террорлық ұйым өз қылмыстық әрекеттерін британдық әскерлерге, сондай-ақ араб тұрғындарына да қарсы жүргізді. Д. Бенгурион: «еврейлер түбінде арабтармен соғысуға мәжбүр болады», - деді. Дегенмен 1948 жылы алғаш араб-израиль соғысынан кейін, ресми деректерге сүйенсек 900 мың палестиндік өз мекендерін тастап басқа елдерге босқындар ретінде қоныс аударуға мәжбүр болды. Аталған соғыс нәтижесінде Израиль 11,1 мың км<sup>2</sup> Палестина территориясының 6,7 мың км<sup>2</sup> бөлігін иеленді /2/.

1950 жылғы маусым айындағы БҰҰ-ның мәліметтері бойынша палестиналық арабтардың 1350-нан 960 мыңы босқындарға айналды. Босқындардың көбісі Израильмен шекаралас Иорданияда, Иордан өзенінің батыс жағалауында 425 мың, Газа аумағында 225 мың, Ливанда 130 мың, Сирияда 85 мың, 80 мыңнан аса адам Иордан өзенінің шығыс жағалауында тұрақтанды /3/.

Босқындардың басым көпшілігінің жағдайы аса ауыр болды. Олар өз үйлерін, жерлерін, мүліктерін тастап, өздері панасыз, мал-мүліксіз, өмір сүруге қажетті керек-жарақсыз қалды. Босқындарды қабылдаған мемлекеттердің экономикасы жүз мың баланың тұтынуына қажет керек-жарақпен қамтамасыз етуге шамасы болмады.

Айталық, 60 жылдардың басында лагерь тұрғынына бір күнге берілетін азық-түліктің бағасы 7 америка центінен аспаған. БАПОР баспанамен палестиналық босқындардың 39,7 пайызын ғана қамтамасыз еткен. Босқындардың басқа елдерге қоныс аударуы өсті, лагерьдегі тұрғындардың санының табиғи көбеюі жылына 3,2 пайызды құраған, сондай-ақ Израильден қоныс аударған арабтардың саны көбейген /4/.

1967 жылғы Израиль агрессиясынан кейін бүкіл Палестинаға ие болған Израиль үкіметі, 1948-1949 жылғы соғыстан кейінгі арабтарды қудалауды жалғастырды. Басып алынған жерлерде Израиль әкімшілігі көптеген репрессиялар жүргізді, еврейлік тұрғындар өз колонияларын ұйымдастырды, комендант сағатын орнатты, арабтардың тұрғын үйлерін қиратты. 1967-1975 жж. аралығында ресми деректер бойынша израильдік түрмелерде 40 мыңнан астам палестиналық арабтар отырып шыққан.

Израильдің палестиналық арабтардың жерінде ұйымдастырылған израильдік тұрғындар колониясының саны 1977 ж. 48-ге жеткен. Аталған колонияларды көбейту арқылы Израиль үкіметі бұл жерлерді толық аннексиялап, палестиналық арабтардың тәуелсіз мемлекетін құруға ешқандай мүмкіндік бермеуді жоспарлаған. 1967 ж. кейін пайда болған «Даян жоспары» бойынша Израиль жаулап алған территорияларды қайткен күнде де сақтап қалуды ойластырған. Сонымен қатар, «ашық көпір саясаты» бойынша Израиль Иордания территориясына еніп, болашақта бүкіл араб әлемін экспансиялауды жоспарлаған. Осыған байланысты, 1967 ж. Палестинаның қарсыласу қозғалысы пайда боды.

1967 жылғы соғыстан кейін Фатх және де басқа палестиналық отрядтар, тек партизандық тәсілдер арқылы жеңіске жетуге болатынын түсінген. Басқа араб елдерінің әскерлері әрекетсіз болған уақытта палестиналықтардың өздерінің қару алып қарсылық көрсетуі, әлем назарын өзіне қаратып, соғысып жатқан арабтар босқындардан араб әлемінің батырларына айналды /5/.

Палестинаны азат ету ұйымының бастапқы мақсатында палестина халқы отанында және диаспорада болсын өз жерін азат етуді, өзінің бостандыққа деген құқығын орнатуды және асатанасы Иерусалимде болатын егеменді және тәуелсіз мемлекет құруға құқығы болған. Сонымен қатар, Палестинаны азат ету ұйымы басқа елдерде қоныс тапқан босқындардан өз мекендеріне оралуды талап етті. 1969 ж. аталған ұйымның

басшысы болып, сол уақыттағы жас патриот, ұлт жанашыры палестиндік Ясир Арафат сайланды. Кейіннен, Ясир Арафат Палестина халқының аталған мақсаттарды жүзеге асыру мақсатында дипломатиялық қызмет, саяси келіссөздер және керек жағдайда оккупацияға қарсы халықтық қозғалыстар мен интифада қолданылуы қажеттігін мәлімдеді.

Интифада – жаппай көтеріліс, 1987 ж. аяғында Палестина жерінде орын алды. Осы жылдың желтоқсан айында израильдік әскерлер Газа аумағында ресми деректер бойынша 12 бейбіт тұрғынды өлтірген. Осыған байланысты, Газа аумағында және Иордан өзенінің батыс жағалауында халықтық көтерілістер мен демонстрациялар басталды. Әсіресе, Иордан өзенінің батыс жағалауы мен Иерусалим қалаларында бұл оқиғалар жиі орын алған. Израиль басшылығы тәртіпсіздікті тоқтату мақсатында әскери күш қолданды. Израиль әскерлері еврей тұрғындарының көмегімен демонстрацияға қатысушыларды тұтқындап, оларды ауыр соққының астына алды. Қарсылық білдірген палестиналықтарға оқ жаудыру да орын алған. Осының нәтижесінде 11 желтоқсанда жедел түрде БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесі шақыртылған. Қауіпсіздік Кеңесінің сессиясы бойынша 605 резолюциясы қабылданды және бұл резолюцияда Израильдің қастандық әрекеттері айыпталып, әскери қақтығыстың тоқтатылуы талап етілді.

«Интифада – патриотизмнің көрінісі, исламға сенімділік», - деп палестиналықтар өз қарсылықтарын білдірді. Басында «тас соғысы» деген атпен басталып, кейіннен бүкіл халық қатысқан көтеріліске айналды. Израиль әкімшілігі өз надандығына сәйкес әрекеттер қолданды. Мысалға, Рамаллах қаласында 20-жасар Абдулла, израильдік полицейді қолымен ұрған үшін өмірінен айрылды. Газада қарсылық акциясына қатысқан 13-жасар Фатима есімді қыз израиль оғынан қаза тапты. Наблус қаласында мектеп оқушысы Шадия, демонстрацияға қатысқаны үшін өлтірілді. Осындай мысалдар сияқты, Интифаданың

алғашқы жылында 300 палестиналық қаза болды және 11 мың адам жарақат алды. Кейіннен, Халықаралық Қызыл Крест ұйымының 1990 ж. мәлімдемесінде 800 палестиналық қаза болып, 16 мыңы түрмеде қамалғанын жеткізілді. Интифада нәтижесінде мектептер мен университеттер, ауруханалар мен дәріханалар жабылды, Израиль Палестина территорияларында коммендант сағатын енгізді. Осыған байланысты палестиналықтар партизандық әрекеттермен қатар террорлық акцияларды ұйымдастыра бастады. Бұл террорлық әрекеттерді, осы жұмыстың авторы қолдамайды, алайда, палестина халқының күресінің факторы ретінде түсінеді.

Палестина халқы өз басынан көптеген қиыншылықтарды өткізді. Палестиналықтар тек Израиль саясаты мен әлемнің ұлы державаларының әрекеттерінен ғана зардап шеккен жоқ. Палестина халқы бауырлас араб елдерінен де қысым көрді.

1970 ж. Иорданияда болған «қара қыркүйек» пен 1982 ж. болған Ливандағы азаматтық соғыс нәтижесінде шамамен 100 мыңнан астам палестиналық қаза болды. Иорданиядағы оқиғалардың себебіне тоқталсақ, 1967 ж. арабтардың жеңілісінен кейін палестиналық босқындардың көбі осы елде қоныстанды. Босқындар лагері негізінен Иорданияның батысында орналасқан. Жоғарыда аталап өткендей лагердегі қиын жағдай көптеген палестиналықтарды иордан халқымен араласып кетуіне ықпалын тигізді. Сонымен қатар, жергілікті халықтың назарын туғызды. Себебі, палестиналықтар иордан территориясында партизандық әрекеттерін жалғастырды. Бұл Израильдің қарсы әскери әрекеттеріне алып келу мүмкіндігін туғызды. Осыған орай, 1970 ж. қыркүйегінде иордан королі Хусейн өз әскерлеріне палестиналық лагерлерге еніп олардың әскери отрядтарын өз территориясынан шығарып тастауды бұйырды. Алайда, палестиналықтар иордан әскерлеріне қарсылық көрсетті. Осының себебінен, палестиналық лагердегі бейбіт тұрғындар да құрбан болды. Аталған оқиғалар 15 мың

палестиналықтың өмірін қиды. Араб қоғамындағы «араб бірлігі» идеясы бәсеңдеді.

1982 ж. Израиль өзінің солтүстік-шығыс территорияларын қауіпсіздендіру мақсатында, 1970 ж. иордан оқиғасынан кейін Ливанда тұрақтанған палестиналықтарға қарсы «Галилеяға бейбітшілік» (Израильдің Галилея қаласы) деген әскери операциясын ұйымдастырды. Бұл әскери операцияның саяси сипаты Ливанда Израильге бейтарап билік орнату еді. Себебі сол жылы Ливанда президенттік сайлау өтпекші еді. Соның нәтижесінде Израиль Ливанға өзімен Египет арасындағы келісімге ұқсас шарт жасаспақшы болған. Әскери себебі, батыс Бейрутте орналасқан ФАТХ және Палестинаны азат ету ұлттық фронтының штаб-пәтерлерін жою. Израиль өзінің әскери күшінің нәтижесінде тез арада Ливан территориясына еніп, оңтүстік Ливанды өз бақылауына алады. Сол жылы Ливанда президент болып христиан-маронит Б. Жмаель сайланады. Алайда, бір айдан кейін өлтіріледі. Осының салдарынан ливандық христиандық-фалангистер израильдіктердің көмегімен палестиналықтарға қарсы қастандық әрекеттерін бастайды. Олар палестиналық Сабра және Шатила лагерьлеріне кіріп, он мыңнан астам бейбіт палестиналықты өлтіреді. Аталған оқиға бүкіл әлемді дүр сілкіндіріп, Израильге деген көзқарас өзгереді. Алайда, Израильдің әскери операциясынан кейін Палестинаны азат ету ұйымы Ливаннан бір жолата кетуге мәжбүр болды.

Палестина тарихында, жоғарыда аталып өткендей, интифада өлкен орын алған. Бірінші интифада нәтижесінде Израиль мен палестиналықтар арасында Ослода бейбітшілікке қол қойылады. 90-жылдары екі жақ арасында кішігірім қақтығыстар болып тұрды. Дегенмен, ірі қанды қақтығыстарға айналмады. Ясир Арафат Палестинадағы іс-әрекеттерді өз қолында ұстауға тырысқан /6/. Алайда, осы жылдары палестина аренасына жаңа ұйым «Хамас» шыға бастайды. Аталған ұйымның террорлық әрекеттері Израиль мен Палестина әкімшілігі арасындағы

бейбіт келіссөздерді бәсеңдетті. 1988 ж. құрылған бұл ұйымның басты идеясы: «Біздің жол – Джиһад. Сионисттік жау жойылуы қажет» /7/. Дегенмен, 90-жылдары айтарлықтай тыныштықта өтті.

Жаңа мыңжылдық Палестинада екінші интифаданың басталуымен ерекше болды. 2000 жылдың қыркүйегінде Израиль оппозициясының лидері Ариель Шарон өзінің қарулы күзетшілерімен Иерусалимдегі Аль-Акса мешітінің жанынан жұма намазы кезінде өттеді. Осының себебінен, палестиналықтар арасында наразылық туындайды. Наразылық интифадаға ұласады. Оны Аль-Акса интифадасы деп атап кетеді. Тәртіпсіздік әуелі Иерусалимнің шығыс бөлігінде, Иудея мен Самария қалаларында басталады. Қазан айында солтүстік израильдік қалаларда жаппай тәртіпсіздіктер, демонстрациялар, көтерілістер және толқулар болды. Палестиналықтар израильдік құқық қорғау органдары мен әскерлеріне тас жаудырып, жолдарды өртеп, жол қатынасын тоқтатты. Осының салдарынан бір күн ішінде 13 палестиналық қаза болып, 50-ден астамы жарақаттанды. Израильдегі жергілікті палестиналық арабтарға сырттағы палестиналықтар көмек көрсетті. 2000 ж. күзінде өкімет басшысы Эхуд Барак 1967 жылға дейінгі территорияларға қайта келуге дайын болып, палестиналықтардың әрекеттерін тоқтатуды талап еткен. Алайда, Арафат келісім-шартқа қол қоюдан бас тартып, Эхуд Баракты отставкаға кетуге мәжбүрледі. Израильде оның орнына Ариель Шарон келді. Осының салдарынан, террорлық әрекеттер еселене түсті. Иерусалимнің «Гило» ауданында автобус жарылып, 23 адам қаза болды, жүздеген адам жараланды. Интифаданың шыңы 2002 ж. наурызына келеді. Осы уақытта Нетания қаласындағы қонақ үйдегі жарылыстың салдарынан, 20 адам мерт болып, елуге жуығы жарақат алды. Аталған жылдың сәуір айында израиль әсерлері «қорғандық қамал» операциясын бастап, бірнеше террорлық әрекеттердің алдын алып, 5 мыңға жуық бейбіт адамды тұтқындайды. Ясир Арафат Рамалла қаласындағы резиденциясында

«үй қамауына» алынып, өмірінің соңына дейін сонда өткізеді. 2003 ж. БҰҰ-ндағы Иордания корольдігінің өкілінің мәлімдемесі бойынша интифада салдарынан 2800 палестиналық және 800 израильдік қаза болды. Израильдіктер террорлық әрекеттерінен зардап шексе, палестиналықтар израильдік әскери операция нәтижесінде мерт болған. Сонымен қатар, Газа аумағындағы Рафах қаласы қираған. Газадағы Бейт-Ханун және Бейт-Лахия аудандарындағы мыңан астам дунам ауылшаруашылық жерлері жойылған, тұрғын үй объектілері қиратылған.

Израиль қауіпсіздік органдарының мәлімдеуі бойынша, төрт жылдық Интифада Аль-Акса нәтижесінде 1034 израильдік қаза болып, 5600 адам жарақаттанған. Палестиналықтар 138 террорлық акт ұйымдастырған, оның сегізін әйел адамдар орындаған. Сонымен бірге израильдік «Бецелем» Ноама Хофште-тера құқық қорғау ұйымының пайымдауы бойынша дәл осы уақытта 3160 палестиналық қаза болып, 4800 палестиналықтардың тұрғын үйлері қиратылған /8/.

Сәуір айынан кейін интифада әрекеттері бәсеңдей түседі. Палестиналық ФАТХ, Хамас және Исламдық Джиһад ұйымдары арасында қарсылықты көрсету жөнінде қарама-қайшылықтар туындайды. Осының салдарынан, 2004 ж. интифада аяқталады.

2004 ж. қарашасында Париж ауруханасында Палестинаның басшысы Ясир Арафат көз жұмды. Оның алдында, Израиль әуе күштері Хамас ұйымын құрған және басшысы болған Ахмед Ясин мен оның орынбасары Ар-Рантисиді өлтіреді. Аталған екі лидердің өмірден кетуі Палестина автономиясында кішігірім анархияға алып келеді. Билікті өз қолына Арафаттың ізбасары Махмуд Аббас алады. Интифаданы тоқтатуға шешім қабылдаған Аббас, Израильмен келіссөз жүргізуге дайын екендігін көрсетеді. Интифада салдарынан Израиль экономикасы төмендейді. Туризм, әлеуметтік шаруашылық және сауық бизнесінің деңгейі бәсеңдеген.

Жоғарыда аталғандай Израиль басшысы болып сайланған Ариель Шарон 2004 жылы «Таяу шығыстық төрттік» - АҚШ, Ресей, Еуропалық Одақ және БҰҰ көмегімен «Жол картасы» жоспарын жүзеге асыруға келісімін береді. Иорданиядаға кездесуде бірінші рет Израильдің басшысы Палестина мемлекетінің құрылуаны құқығы бар екенін мәлімдеп, оны құруға өз үлесін қосатынын жеткізді. 2003 жылдың маусым айында оңшыл израильдіктердің наразылығына қарамастан, Шарон Палестина территорияларындағы еврей поселенияларын жоя бастады. Сол уақытта Палестина автономиясы территориясында 150 ден астам еврей поселениясында, 230 мың израильдік азамат өмір сүрген. Алайда, «белгісіз» жағдайлармен Ариель Шарон ауруға шалдығып, «жол картасы» жоспары тоқтатылады.

Қазіргі уақыттағы Палестина Хамас пен ФАТХ ұйымдарын қолдаушылар болып екі жартыға бөлінген. Осының салдарынан Палестинада азаматтық соғыстың басталу мүмкіндігі бар. 2005-2006 жылдардағы АҚШ пен Израильдің Палестина автономиясын экономикалық тұрғыдан блокадалау Хамас ұйымының беделін түсіру болды.

Хамас ұйымы – Палестинада және сырттағы палестиналықтар арасында үлкен беделге ие. Алайда, Израиль үкіметі Палестина автономиясы әкімшілігіне үш талап қоюда. Бұл: Хамас ұйымының қарусыздануы, Хамастың Израиль мемлекетін мойындауы және Израиль мен Палестина автономиясы арасындағы келісімдерді мойындау. Сонымен қатар, АҚШ, Ресей, Еуропалық Одақ пен БҰҰ-ы Хамастың террорлық ұйымнан саяси ұйымға айналуын талап етуде. Хамас талапты орындаудан бас тартты. Хамас қызметі үш принциптен құралады, заңды діни пропаганда, жартылай заңды саяси басшылық және заңсыз әскери бөлімшелер. Хамас байлардан алған қаражатты кедейлерге таратып, оларды өз жағына қаратады. Хамас қазіргі уақытта Газа аумағындағы жеке дара билеуші болып саналады. Бұл ұйымның жеке ауруханалары, мектептері мен білім

ордалары бар. Хамас Махмуд Аббас пен ФАТХ өкілдерін сионистермен келіссөз жүргізгені үшін айыптап, палестиналықтарға жанашырлығын көрсетеді.

Палестина автономиясы қазіргі уақытта халықаралық көмек ең көп көлемде бөлінетін елдердің бірі болып саналады. 2001-2005 жж. аралығында Палестина автономиясына 5 миллиард доллар бөлінген болатын. Алайда, оны жан басына шаққанда ол тек әр адамға жылына 30 доллардан тиесілі болады. 2006 жылы Еуропалық Одақ 280 миллион евро көлемінде ақшалай көмек бөлген. АҚШ 313 миллион доллар бөлген. Аталған жылы АҚШ көмек автономияға көмек көрсету бюджетіне 256 миллион доллар көлемінде қаражат қарастырған.

Басқа елдерді алатын болсақ, Канада палестиналықтарға 2005 жылы 20,5 миллион доллар, Жапония 50 миллион доллар, араб елдері (Кувейт, Сауд Аравиясы, Египет, Алжир) 67 миллион доллар, Қытай 6 миллион доллар бөлген. Демек, палестиналық территориялардағы Халықаралық банктің өкілі Найджел Роберттің мәлімдеуінше, автономияда қаржылық кризис орын алып жатыр. Палестина әкімшілігі жұмысшылар мен қызметшілерге жалақы төлей алмауы, қазіргі уақыттағы 35% жұмыссыздықты арттыруы мүмкін /9/. Әлемдегі және Таяу Шығыстағы қазіргі жағдай, оқиғалардың қатысушыларын келіссөзге және бейбітшілікке жол табуын итермелеуі керек еді. Алайда, осы 2009 жылдың басындағы Газа аумағындағы жағдай Палестина автономиясы мен Израильдің арасындағы бейбіт келіссөздер мүмкіндігін төмендетті.

2008 жылдың желтоқсанында Израиль Газа секторындағы Хамас әскерлерінің Сдерот қаласына ракеталарды жаудыруды тоқтату мақсатында «балқыған қорғасын» әскери операциясын бастады. Операция Газа аумағымен Египет арасындағы жер асты тоннельдерін жоюға, Хамас беделін төмендетуге бағытталған.

Газа аумағындағы аталған операциядан және Хамас әскерлерінің қарулы қақтығыстарынан жүздеген адам қаза тапты. Израиль кезенген қарудан ажал

күшқан палестиналықтардың басым бөлігі – бейбіт тұрғындар болатын. Араларында балалар мен әйелдер, қарт адамдар өте көп. Әлем назары қанды қырғынға ауған шақта халықаралық БАҚ Газадағы мектепті бомбалаған Израильдің қатігездігін, еуропалық шенеуніктердің босбелбеулігін қатаң сынға алды.

2008 жылы тамызда Кавказ тауының етегінде басталған қанды қырғын жыл соңында Газа аумағына ұласты. ХАМАС мүшелерін құрықтауды сылтауратып, Газадағы мектептерді, бейбіт тұрғындар тұратын аумақтарды атқылаған Израиль әскерілерінің қолынан жүздеген күнәсіз жан ажал құшты. Олардың арасында балалар, әйелдер мен қарттар бар. Батыс Израильдің қаһарына ұшыраудан қорқып, соғысты тоқтатуды қатаң талап етпеген. Есесіне, еуропалық БАҚ белсенді болды. Олар Еуроодақ пен кейбір бұқаралық ақпарат құралдарынан еврейлердің қарапайым халықты қанға бөктірген әрекеттерін ақтайтын мақалаларды жариялауға тыйым салу керек деген ұстанымда болып, Либерал-демократтық партия көсемі Ник Клегг ағылшын премьері Гордон Браунды Израильге қару сатуды доғаруға шақырды. Біріккен Ұлттар Ұйымындағы ливиялық делегация Қауіпсіздік Кеңесіне Газа аумағындағы ахуалға қатысты қарарды енгізе отырып, соғыс жүріп жатқан жерге халықаралық бақылаушылар күштерін орналастыруды ұсынды. Екі жақты татуластыру мақсатында әрекет етіп жатқандар қатарында Франция президенті Н.Саркози, Түркия премьері Р.Ердоған, т.б. болды. Президенттік қызметі, сол уақытта, аяқталуға санаулы күндер қалғанда Джордж Буш Израильдің әрекетін толық қуаттайтынын ашық мәлімдеп, еврейлердің қолтығына су бүркіді.

Ал қызметіне 2009 ж. 20-қаңтардан бастап кірісен жаңа президент Барак Обама ресми ұлықтау рәсімінің өткізілмегенін көлденең тартып, Палестина мен Израиль арасында орын алған қарулы қақтығыстар туралы жақ ашпады. Әлбетте, оның бұл қылығын сынға алған жақтастары жеткілікті. Солардың бірі – демократ Барни Франк.

Ол Обаманың үнсіздігі АҚШ-қа бүйрек бұратын кейбір араб елдерінің қатарын сиретеді деп алаңдайды. Бүгінде Жер шарының түкпір-түкпірінде Газа секторының ойран-топанын шығарған Израильдің басқыншылық әрекетін сынға алғандардың наразылық шерулері жиілеген. Венесуэла билігі наразылық шарасы ретінде Израиль елшісін Венесуэладан қуып жіберді.

Ресми мәліметтерге сүйенсек, ұрыс басталғалы бері Газадағы Деир әл-Балах, Хан-Юнис, Рафах, Газа сити, Джабалия, Бейт-Ханун, Бейт-Лахиямен бірге босқындар лагері орналасқан Ябна бомбаланған. Ал израильдік аймақтан Нетивот, Ашкелон, Сдерот, Беэр-Шеваға шабуыл жасалынған. Сондай-ақ, Нагария қаласына Ливан жақтан бірнеше зымыран тасталыныпты. Қаңтар айының 19-жұлдызында израильдік жаяу әскер мен ауыр артеллериясы Газа аумағының оңтүстік бөлігіне дендеп енді. Соғыстан қаза тапқан бейбіт тұрғындар саны сағат санап өскен. Израиль Газа аумағына журналистерді кіргізуге қатаң тыйым салған. Осының кесірінен адам шығынына қатысты тәуелсіз дерек көздерінің мағлұматтарын алу мүмкін болмады. Алайда, палестиналық дәрігерлер берген соңғы мәліметтерге жүгінсек, 683 палестиналық ажал құшса, 3 мыңнан астамы жарақат алған.

6 қаңтар күні Газадағы Біріккен Ұлттар Ұйымы ашқан мектеп бомбаланды. Осының салдарынан 48 адам қаза тапты. Олардың басым бөлігі – балалар. Еврейлердің әскерілері атыстың мектеп төңірегінен басталғанын айтып ақталуда. Қақтығыс салдарынан Газадағы ауруханаларда ине шаншар орын болмады. Егер кезенген қарулар толас таппаса, қаза тапқандар мен жарақат алғандар саны өсе берері айқын. Соғыс басталып аяқтағалы бері тек 15 израильдік әскер мен 13 бейбіт тұрғын ажал құшқан

Қақтығыс кезінде, Израиль мен Палестина өкілдері Каирде басқосып, тараптардың талаптарын талқыға салды. Таяу Шығыстағы ахуалға байланысты құрылған төрттік – БҰҰ, ЕО, АҚШ пен Ресейдің ресми өкілі Тони Блэр соғыстың

тоқтатылатынына үміт артқан. ХАМАС Израильден Газа аумағына қысым жасауды тоқтатуды, ал Израиль ХАМАС-тан еврейлер жерін атқылауды доғаруды талап етіп отыр. Екі жақ келісімге келген жағдайда, “әдеттегідей” қысқаша мерзімге бейбітшілік орнайды, жасырын жолдармен тасымалданатын қару-жарақ контрабандасына тосқауыл қойылуы да мүмкін. Бірақ сарапшылар пікірінше, қарулы қақтығыстардан еврейлердің бас тартуы, ХАМАС палестиналықтардың жеңісі ретінде насихаттады. Ал хамастықтарды әлсіретуге мүдделі Израильге бұл ұнамайтындықтан, аумақтағы ахуал ушыға түсуі мүмкін деген қауіп қайталанды, қақтығыстың қайта орын алуы мүмкіндігі көрсетілді. Оның үстіне, хамастықтардың қару-жарақтан өз еріктерімен бас тарта қояры да күмәнді. Яғни, жарты ғасырдан астам уақытқа созылған еврейлер мен арабтар арасындағы жер дауы шешімін таппағандықтан, қордаланған қиындықтар мен түйткілдер сені бұзылмаған қалпы қалады /10/. Оның үстіне соғыс аяталғалы, ХАМАС өзінің жеңісін жариялап, аталған ұйымның қуғында жүрген көсемі Халед Машааль Израильдің Газада жүргізген құрлықтағы операциясы “барып тұрған қателік болды”, деп хабарлады. Сондай-ақ, саясаткердің бейнетаспаға жазылған осы ескертуі әл-Джазира телеарнасының эфирінен берілген уақытта, Дамаск қаласында тұратын Машааль Израильдің әуе соққыларынан ХАМАС-тың инфрақұрылымдарына нұқсан келмегенін мәлімдеді.

\*\*\*

1. Антонов А. Реакции в арабских странах// Компас. 2002. № 15. 12-13 бет.
2. Тузмухамедов. Р.А. Движение неприсоединение и международное право. М. 1989. 142 бет.
3. Сухарьков И.А. палестинское движение сопративление. М. Знание.. 1974. 35 бет.
4. Бакланов А. Драматические события на Ближнем Востоке требуют реальных мер доверия // Азия и Африка сегодня- 2005-№4 – 14 бет.
5. Новейшая история арабских стран Азии 1917-1985/ Под ред. Е.М. Примаков, Москва, 1988 –158 бет.
6. Герхард Концельман. Председатель Арафат. Ростов – на – Дону, 1997, стр. 9
7. Новейшая история арабских стран Азии 1917-1985/ Под ред. Е.М. Примаков, Москва, 1988.- 381 бет.
- 8.Моше Даян, Шабтай Тевет. Арабо-израильские войны 1956, 1967 гг. Москва, 2003.- 78 бет.
9. Фишман Герцль. Быть или не быть: евреи перед выбором. Берман хаус инк 1995. –232 бет.
10. Түркістан газеті, №3 2009 ж.

\*\*\*

В данной статье автор рассматривает проблему палестинского народа, который переживает, огромные трудности после объявления Израилем своей независимости, и после оккупации палестинских земель. Также затрагивается проблема палестинских беженцев проживающих в арабских странах. Автор сообщает о проблеме, которая на протяжении десятилетий остается не решенной.

\*\*\*

In this article author investigates the problem of Palestinian people that goes through big difficulties after Israel independent and after occupation of Palestinian territories. Also author affected the problem of Palestinian refugees. The article examine the problem that had not be solved during the century.

## Ж.Қ. Қуанышбекова

### САУД АРАБИЯСЫ: ТЕРРОРИЗМ ЖӘНЕ ИСЛАМДЫҚ ЭКСТРЕМИЗМГЕ ҚАРСЫ ТҰРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

2001 ж. 11 қыркүйектегі АҚШ-тағы әлемге танымал оқиғадан кейін Сауд Арабиясы Корольдігінің билігі исламдық экстремизмге және онымен байланысты ішкі және халықаралық террористік

қызметке қарсы тұру шараларын кеңейтіп, белсендете түсті. Саудтық биліктің бұл белсенділігі ішкі және сыртқы тәртіптің негізгі екі себебімен түсіндіріледі.